ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СӘУЛЕТШІЛЕР ОДАҒЫ

ДАЙДЖЕСТ #20

МАУСЫМ 2022

e-mail: **info@kazarch.kz** web: **www.kazarch.kz** phone: **+7 701 711 1787** Instagram: **@kazarch.kz**

ХСО БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ОТЫРЫСЫ

2022 жылдың 16-17 мамыры аралығында аралас форматта Мадридтегі Мемлекеттік сәулетшілер колледжінде Халықаралық сәулетшілер одағының (ХСО) кезектен тыс Бас ассамблеясы өтті. Сессияларда ұйымның 69 қатысушы елдері бас қосты.

ХСО Бас ассамблеясының отырыстарында Қазақстан атынан ҚР Сәулетшілер одағының бірінші вице-президенті Айдар Тәтіғұлов қатысты. Бас ассамблея кезінде ХСО бюросы мен жұмыс органдарының презентациялары ұсынылды.

Кезектен тыс Бас ассамблеяда ХСО президенті (Хосе Луис Кортес), ХСО-ның бұрынғы президенті (Томас Вонье), бас хатшы (Тай Пей Инг), қазынашы, бес өңір вице-президенттері комиссиялардың баяндамалары мен ХСО жұмыс бағдарламаларының қызметі жөнінде бойынша есеп берілді. Күн тәртібіне келесі мәселелер қойылды:

1. ХСО Жарғысы мен Ережесіне түзетулерді бекіту;
2. ХСО Кеңесі мен жұмыс органдарының баяндамалары мен олардың ағымдағы қызметі мен бастамаларын талқылау;
3. ХСО ұсынылып отырған қайта құрылымдау жөнінде жаңартылған мәліметті ұсыну.

Іс-шаралар бағдарламасында сонымен қатар 2023 жылы Копенгагенде өтетін Конгреске даярлық барысы жөнінде ақпарат пен «ЮНЕСКО-ХСО «Әлемдік сәулет астанасы» атты бағдарламасы назарға ұсынылды.

ҚР СО ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНА ІССАПАРЫ

2022 жылдың 11 мамырында Шымкент қаласында ҚР Сәулетшілер одағының президенті Серік Сұлтанғалиұлы мен Асқар Мамырбаев бастаған Шымкент қалалық сәулетшілер қауымдастығының кеңес мүшелері арасында басқосу болды. Әңгіменің арқауы – қала мен кәсіби қауымдастықтың сәулет және қалақұрылысы саласының қазіргі күнгі жай-күйі бойынша өзара қарым-қатынас жасау мәселелері талқыланды. Қазақстанның сәулеті мен қалақұрылысы ахуалының өзекті мәселелері, Шымкент қаласына қатысты күрделі мәселелер мен оны шешу жолдары және қаланың бас жоспарын жобалаудың барысы талқыға салынды.

Қаланың бас сәулетшісі мен Одақ басқармасының мүшесі Ержан Нұразханов жақын арада талқыланатын қаланың бас жоспарының жобасы туралы айтып берді. Сөз кезегін әрі қарай Одақ президенті Серік Сұлтанғали алып, сәулет саласындағы күрделі мәселелер еліміздің барлық қалаларына тән екендігін айтты. Ол Шымкент сәулетшілеріне **Одақтың XVII съезд қарарының еліміздің Президентіне тапсырылғанын баяндады**.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СӘУЛЕТШІЛЕР ОДАҒЫНЫҢ ФОРУМЫ

2022 жылдың 18-20 мамыры аралығында Мадридте ХСО Бас ассамблеясының отырыстарынан кейін ХСО «Қол жетімді баспананы арттыру: кедергілерді жою» атты халықаралық сәулет форумы өтті.

Іс-шара Gran Teatro Principe Pio театрында өтті.

Форумның негізгі мақсаты қол жетімді баспананы жобалау, қаржыландыру, басқару және жасап шығару мысалдарымен бөлісуге арналған негіз құру арқылы халықаралық ынтымақтастықты ынталандыру.

Халықаралық форум аясында әлемнің 30 елінен 80-нен аса сарапшының басын қосқан 9 пікірталас жиын өтті. Келушілермен қатар, іс-шараға тікелей эфирден де тамашалаған 4000 астам адам куә болды.

Форум бағдарламасында презентациялар ұсынылған дөңгелек үстелдер мен дебаттар, конференциялар, семинарлар мен шеберлік сабақтары болды.

Форум материалдарымен www.ahamadrid.com сайтынан танысуға болады.

ҚР СӘУЛЕТШІЛЕР ОДАҒЫНЫҢ I ПЛЕНУМЫ

2022 жылдың 19 мамырында Алматыда ҚР Сәулетшілер одағының I Пленумы өтті. ҚР Сәулетшілер одағы Басқармасының мүшелері Одақтың жаңа Жарғысы мен оның қызметіне қатысты өзекті мәселелерді қарастырып, талқыға салды. Пленум Сәулетшілер одағының кеңсесінде Алматы қаласындағы Басқарма мүшелерінің тікелей және басқа қалалардағы Басқарма мүшелерінің онлайн қатысуымен өтті. Пленумға Одақтың барлық қалалары мен филиалдарынан Басқарма мүшелерінің 94% (34 адамның 32-сі) қатысты.

Пленумның күн тәртібіндегі мәселелері:

- ҚР СО Төралқасының мүшелерін сайлау;
- ҚР СО XVII съезінің қарарына байланысты атқарылатын жұмыстар жөнінде жалпы мәлімет;
- XVII съезден бері Басқарма мүшелерінің орындаған жұмыстарының есебі;
- жоспарланған іс-шаралар.

ҚР СО президенті С.Сұлтанғалидің іс-шараны ашу сөзінен кейін, сөзді әрі қарай бірінші вице-президент Ғ.С.Садырбаев алып, 2022 жылғы редакциядағы ҚР СО Жарғысына енгізуге ұсыналатын өзгертулер туралы айтып берді. Басқарма мүшелері ҚР СО президентінің Одақ Жарғысына енгізілетін өзгертулері мен ұсыныстарын Жарғыны тіркеуден бұрын толыққанды пысықтау қажеттігімен қабылдауға дауыс берді. Күн тәртібінің өзге маңызды мәселесі – 2022-2026 жж. аралығына Төралқа мүшелерін сайлау. Президент Серік Сұлтанғали ҚР СО Төралқасы мүшелерінің есімдерін атап, бұл сұрақты дауысқа салды. Көпшілік дауыспен (32 адамның 30-ы) Пленум ҚР СО Төралқасының жаңа құрамын құптады.

Бұдан бөлек, Пленум Басқарма мүшелері А.Ә.Тәтіғұлов, Б.А.Мұсылманбеков, Ю.Б.Абакумов, А.С.Мамырбаев, А.А.Мәметов, С.Б.Мусин, А.В.Федяниннің 2022 ж. 3 наурызы мен 19 мамыры аралығында **атқарған жұмыстары жөнінде есептерін тыңдады**.

Сөз кезегі одан әрі қарай А.Ғ. Әжғалиев, А.Ә.Тәтіғұлов, А.С.Мамырбаев, А.А.Мәметов пен А.В.Федянинге беріліп, олар өз бағыттарындағы жоспарларымен бөлісті. Жиында бірнеше хабарландырулар жасалды. А.А. Мәметов Басқарма мүшелеріне Одақ Басқармасына ҚР нормативтері мен заңнамалық актілерін өзгерту туралы ұсыныстарын беру жөнінде үндеу жасады.

Күн тәртібінің негізгі мәселелерін талқылағаннан кейін ҚР еңбек сіңірген сәулетшілері **О.Ж.Баймұрзаев пен А.И.Коржемпоға ҚР Сәулетшілер одағының құрметті мүшелері мәртебесін беру** туралы ұсыныс тасталып, бұған Басқарманың барлық мүшелері бірауыздан дауыс беріп, қолдады. Пленумның аяғына қарай Жаңа мүшелерді қабылдау комиссиясының төрағасы С.Б.Мусин Одақ президентімен бірге жаңадан қосылған он үш сәулетшіге Одақ мүшесі куәлігі мен төсбелгісін табыс етті.

ҚР СО Пленумының жұмысы туралы қазақстандық Qazaqstan және Хабар 24 телеарналары өздерінің жаңалықтарында көрсетті. Бейнематериалдарды 1 сілтеме және 2 сілтеме арқылы көруге болады.

НИКОЛАЙ НИКОЛАЕВИЧ ЮРАШЕВИЧ 70 ЖАСТА

2022 жылдың 5 маусымында ҚР Құрметті сәулетшісі, ҚР Сәулетшілер одағының орталық өңірі бойынша вице-президенті Николай Николаевич Юрашевич 70 жасқа толды. Николай Юрашевич – Целиноград ауыл шаруашылығы институты сәулет факультетінің түлегі. Еңбек жолын Целиноградта көркемдеуші суретші болып бастады. Көп жылдар бойы Ақмола (қазір Нұр-Сұлтан қ.) қаласының қала құрылысын жобалауға шығармашылық жетекшілік етті. Бүгінгі таңда зауытта энергия үнемдейтін және панелді құрылыстарды өндіретін «АрхСтройСистема КазЭкоПан» ЖШС директоры.

ҚР СО дайджесінің редакциясы Николай Николаевичті мерейтойымен құттықтап, оған мықты денсаулық, амандық, шығармашылық ұзақ ғұмыр тілейді!

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ БАС ЖОСПАРЫН ҚАРАСТЫРУ

2022 жылдың 21 маусымында ҚР СО мүшелерінің қатысуымен Шымкент қаласының бас жоспарын талқылау бойынша жұмыс тобының отырысы өтті. Ұсынылып отырған бас жоспар 2035 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Шымкенттің кез-келген тұрғыны бір ай бойы бас жоспармен танысып, өзінің ұсынысын бере алады. Аталған жұмыстың ерекшелігі – барлық сызбалар векторлы форматта орындалғанын атап өту керек.

Қазір бас жоспардың бірінші сатысы бойынша жұмыстар аяқталды. Бір айлық қоғамдық талқылаудан кейін мамандар ұсыныстарды ескеріп, жоспарға ең маңыздыларын қосады және жылдың аяғына дейін Шымкенттің жаңа бас жоспарын әзірлеп шығады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СӘУЛЕТШІЛЕР ОДАҒЫ

ДАЙДЖЕСТ #20

МАУСЫМ 2022

e-mail: **info@kazarch.kz** web: **www.kazarch.kz** phone: **+7 701 711 1787** Instagram: **@kazarch.kz**

Ш.УӘЛИХАНОВТЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ПЕТРОПАВЛҒА САПАР

2022 жылдың 2 маусымында «Мемлекеттік рәміздер – елдіктің символы» атауымен республикалық конференция өтті. Шара мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығы мен ҚР Елтаңбасы авторларының бірі, көрнекті қазақ сәулетшісі Шот-Аман Уәлихановтың туғанына 90 жыл толуына орайластырылды. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің бастауымен іс-шара сәулетшінің кіндік қаны тамған жері Петропавл қаласында ұйымдастырылды. Конференцияға Сәулетшілер одағы атынан бірінші вице-президент Айдар Тәтіғұлов, Ақсақалдар кеңесі төрағасының орынбасары Тоқтар Ералиев, Одақтың Нұр-Сұлтан қ. бойынша вице-президенті Серік Рүстембеков пен ҚР СО Солтүстік Қазақстан филиалының төрайымы София Молжігітова қатысты. ҚР СО басшылығының өкілдері жиналған қауым алдында сөз алып, сәулетші Ш.Ы.Уәлихановтың ҚР сәулет өнеріне қосқан орасан үлесін атап өтті. Айдар Тәтіғұлов сәулетші Шот-Аман Ыдырысұлының өмірі мен шығармашылығы турасында баяндап берді. Айтылған сөздер мен құттықтаулар соңынан Баян Уәлиханованың редакциясымен құрастырылған «Шот-Аман Уәлихановтың шығармашылық мұраты» атты жетітомдық кітаптар жинағының тұсауы кесілді.

«СӘУЛЕТ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ» ЗАҢҒА БАЙЛАНЫСТЫ ИДЕЯЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

2022 жылдың 7 маусымында ҚР Сәулетшілер одағының президенті жанындағы «Сәулет қызметі туралы» заң жобасын талқылау бойынша жұмыс тобының екінші отырысы өтті. Жұмыс тобының құрамына тәжірибелі сәулетшілер – Айбасов Юлий Хафисович, Әбілов Алексей Жайылханұлы, Мәметов Аркинжан Ахметжанұлы, Ауғанбай Сағындық Ыбырайұлы және заңгер Инна Саламатина кірді. Жұмыс тобының талқылау қорытындысы бойынша Заң жобасы Одақ Басқармасы мүшелерінің қарауына жіберіледі.

ҚР СО ЖАҢА МҮШЕЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ

2022 жылдың 19 мамырында ҚР СО I Пленумы аясында Одаққа ресми түрде жаңа мүшелер қабылданды. Бұл жолы жаңа мүшелер еліміздің түкпір-түкпірінен: Алматы, Алматы облысы, Нұр-Сұлтан, Павлодар, Өскемен, Шымкент қалаларынан қабылданды. Қабылданған мүшелердің арасында тәжірибелі сәулетшілер де, жас сәулетшілер де болды. Одақ президенті Серік Сұлтанғали мен Жаңа мүшелерді қабылдау комиссиясының төрағасы Серік Мусин жаңа мүшелерге Қазақсан Республикасы Сәулетшілер одағының мүшесі куәлігін табыс етті.

СӘУЛЕТ ФАКУЛЬТЕТІ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАЛАРЫН ҚОРҒАУ БОЙЫНША КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫ

Маусым айында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Нұр-Сұлтан) және ҚазБСҚА (Алматы) жанындағы сәулет факультеті түлектерінің дипломдық жобаларын қорғау бойынша мемлекеттік аттестаттау комиссиясы ауқымды жұмыстар жүргізді. Бұл комиссия құрамына ҚР Сәулетшілер одағы Басқармасының мүшелері кіреді.

Дипломдық жұмыстарды қорғау барысында көптеген қызықты, өзіндік жобалар мен идеялар ұсынылды. Тәжірибелі кәсіби сәулетшілердің мемлекеттік аттестаттау комиссияларының жұмысына қатысу қажеттігінің маңызын айта кеткен жөн.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНА ІССАПАР

2022 жылдың 17 маусымында ҚР СО Басқарма мүшелері А.Ә. Тәтіғұлов пен Б.А.Мұсылманбеков Қарағанды облыстық сәулетшілер ұйымымен бірлескен мәжіліс жүргізу үшін Нұр-Сұлтан қаласына іссапармен барды. С.Дәуітбергенов пен Қ.Мұсаевпен кездесуде Қарағанды сәулешілерімен ынтымақтасу және шығармашылық өзара әрекеттесу жөнінде меморандумды дайындау мәселесі талқыланды. Меморандумға ҚР СО президенті С.С.Сұлтанғалидің Қарағандыға жоспарланып отырған сапары кезінде қол қойылады деп күтілуде.

«Ең үздік сәулет өнері – шыншыл сәулет өнері»

В.П.Ищенко

СӘУЛЕТШІ ВЛАДИМИР ИЩЕНКОНЫҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

Биыл **29 мамырда** сәулетші **Владимир Поликарпович Ищенко 90 жасқа толар еді.** Алматының орталық кітапханасы, «KAZGOR» ЖА-ның ғимараты, «Жетісу» қонақүйі, Алматыгипрогор ғимараты, Ә.Қастеев көркемөнер галереясы сияқты басқа да ғимараттар Владимир Ищенконың қаламынан шықты. В.Ищенко талантты сәулетші ғана емес, ол сонымен қоса көркем сурет пен графика өнерінен де кенде емес еді.

Жаздың алғашқы күні ҚР Сәулетшілер одағы атынан Владимир Поликарповичтің жұбайы Тамара Александровнаға құттықтау жолданды. ҚР Сәулетшілер одағының президенті С.С.Сұлтанғали дайындаған құттықтау хатын Жас сәулетшілер клубының жетекшісі Антон Федянин мен Одақ хатшысы Айкен Түктібаева сәулетшінің жұбайына табыстады.

Олар Тамара Александровнаға әдемі гүл шоғын сыйлап, президент хатын оқып, В.П.Ищенконың шығармашылығы жайында түрлі тақырыптарға әңгімелесті. Қазақстанның тарихы мен сәулет өнеріне ат салысқан сәулетшілерімізді әркез есте сақтауымыз керек!

ҚАЗБСҚА СТУДЕНТТЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ

2022 жылдың 27 мамыры мен 22 маусымы аралығында ҚР Сәулетшілер одағының қолдауымен «KAZGOR» жобалау академиясында ҚазБСҚА сәулет факультетінің 4-курс студенттері тәжірибеден өтті. Студенттердің жалпы саны - 14. Жас сәулетшілер клубының жетекшісі Антон Федянин студенттер тәжірибесіне жетекшілік етті. Бірінші күн «KAZGOR» жобалау академиясының қызметі және жобаларымен танысты. Студенттерге арнайы бағдарлама да әзірленді. Олар бір ай бойы түрлі тапсырмалар мен шағын жобаларды орындады. Осы уақыт ішінде болашақ сәулетшілер белсенді түрде оқып, күнделікті тапсырмаларды орындап, академия мамандарына әртүрлі тапсырмаларды орындауға көмектесті. Айта кетерлігі, университет пен өндіріс арасындағы мұндай өзара қарым-қатынас дарынды мамандарды анықтауға және тұрақты жұмысқа шақыруға мүмкіндік береді.

СӘУЛЕТШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІН ЛИЦЕНЗИЯЛАУ

2022 жылдың 25 мамырында сағат 11.00-ден 12.30-ға дейін «Шетелдегі сәулетшілердің кәсіби қызметін реттеу» тақырыбында онлайн түрде презентация өтті. Баяндаған ҚР Сәулетшілер одағы Басқармасының мүшесі, заңнамалық қызмет пен сәулет және қарақұрылысы саласындағы лицензиялау жөніндегі секция төрағасы Ережепов Бірлік Бекмырзаұлы. Презентацияға ҚР СО Басқармасының 20 мүшесі қатысты. Бірлік Бекмырзаұлы қатысушыларды сәулетшілердің кәсіби қызметін лицензиялаудың халықаралық тәжірибесімен таныстырды. Презентация нәтижесінде қатысушылар осы бағыттағы жұмысты жалғастыру және нақты мерзімі мен қадамдары көрсетілген жол картасын жасау қажет деп шешті.

Осы жұмыспен айналысуға дайын барлық Басқарма мүшелері Бірлік Ережеповке тікелей хабарласып, жұмыс тобының құрамына кіре алады. Жалпы бұл мәселенің ҚР сәулетшілерінің мәртебесін көтеруде және кәсіби құзыреттерін ұздіксіз арттыруда маңызы өте жоғары.

Кәсіби сәулетшілерді лицензиялаудың келешекте болатын жүйесі заманауи халықаралық талаптарға сай келуі, іске асырылған жобалар үшін жауапкершілікті арттыруы тиіс. Сонымен бірге бұл жүйе ҚР Сәулетшілер одағы беріп, растаған лицензиясы бар кәсіби сәулетшілер тізілімінің пайда болуына ықпал етуі керек.

Бұл қадам Одақ маңызын одан әрі қарай арттыра түседі және еліміздегі сәулетшілердің рөлінің айтарлықтай өсуіне септігін тигізеді.

ҚР СӘУЛЕТШІЛЕР ОДАҒЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

ҚР СО Хатшылығы өзінің барлық мүшелерін 2019-2022 ж. аралығындағы мүшелік жарна бойынша қарыздарын өтеуін сұрайды.

Бір жылға есептеу формуласы: **жылына 4 АЕК**

Сұрақтар туындаған жағдайда ҚР СО хатшылығына хабарласуға болады

+7 701 711 1787

АНОНС

- **17 қыркүйек** – Жас сәулетшілер кубогы, Алматы қ. Іс-шара туралы толық ақпаратты ҚР СО дайджесінің арнаулы №19 шығырылымынан табуға болады.
- Сәулетшілер Одақтарының Халықаралық Қауымдастығының ең үздік жобаға (құрылыс) халықаралық байқау-конкурсы. Жұмыстар **07.08.2022ж.** дейін қабылданады. Қатысу шарттарын ҚР СО филиал басшыларынан білуге болады.

ҚР СӘУЛЕТШІЛЕР ОДАҒЫ ЖАНЫНДАҒЫ ЖАС СӘУЛЕТШІЛЕР КЛУБЫ ҚАРАҒАНДЫДА

2022 жылдың 9-10 маусымында Жас сәулетшілер клубының сәуір айында өткен дөңгелек үстелі кезіндегі келісімі аясында, клуб жетекшісі Антон Федяниннің Қарағанды облыстық сәулетшілер ұйымында кездесуі ұйымдастырылды.
Кездесу мақсаты – Қарағанды сәулетшілер ұйымымен байланысты жақсарту, жас және практик сәулетшілермен кездесу, қаланың сәулетімен танысу, жоғары оқу орындарының өкілдерімен кездесу және жалпы Қарағандылық жобалау компанияларымен таныс болу.

Бірінші кездесу Қарағандыдағы Сәулетшілер одағының кеңсесінде төраға С.Ф.Дәуітбергенов, оның орынбасары Қ.Ш.Мұсаев, жас сәулетші А.Чжанмен өтті. Онда Одақ қызметінің негізгі мәселелері мен Қазақстан аумағындағы сәулет саласында болып жатқан жаңалықтар талқыланды. Осы күні А.Федянин Қарағандының қатардағы жас сәулетшілері, студенттер мен тәжірибелі аға буын сәулетшілеріне шеберлік сабағын өткізді. Ол «Жас сәулетшілерге арналған лайфхактар», «Жас сәулетшілер клубының қызметі» мен «KAZGOR ЖА орындаған заманауи мектептер» тақырыбындағы презентациялармен таныстырды. Кездесу соңында қатысушылар сәулет бойынша кітаптар мен басқа да сыйлықтарға ие болды. Жиын келушілердің оң баға беруімен аяқталды. Бірінші күн соңында ҚР аумағындағы жобалау компанияларының қызметі, Жас сәулетшілер клубы мен шығармашыл жастарды қалай дамыту мәселелері талқыға салынды.



Сапардың екінші күні де мазмұнды өтті. Кездесуге Қарағанды қаласы Сәулет және қалақұрылысы бөлімінің басшысы Қуат Бектемесов пен оның әріптестері шақырылды. Сонымен бірге Қарағанды техникалық университетінің студенттері мен профессор-оқытушылары да қонақ болды. Басқосуда Қарағанды қаласы үшін жалпы білім беретін мектептер бойынша KAZGOR-дың идеялары мен ұсыныстары, сонымен бірге шетелдік және республикалық қалаларды үлгі етіп, олардағы қала кеңістіктерін дамытудың халықаралық және республикалық тәжірибесі көрсетілді. Бұдан бөлек жастар мен студенттер Жас сәулетшілер клубына қалай мүше болуға болатынын білді. Белсенді қатысушылар кәдесыйсыз қайтпады.

Қарағандының жас сәулетшілері*: Елең етерлік және пайдалы шеберлік сабағы үшін алғысымызды білдіреміз!*
Жас сәулетшілер, орта және аға буын сәулетшілерінен үлкен алғыс!

Троценко Владимир Антонович: *Барлық қатысқан сәулетшілер мен кездесу ұйымдастырушыларына рахметімді айтамын! Енді жас сәулетшілердің мүмкіндіктері көбірек және таңдау еркіндігі де кең болмақ!*

СЕРІК РҮСТЕМБЕКОВ «ДОСТАСТЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ

Сәулетші, «ORTA» жобалау компаниясының директоры, Сәулетшілер одағының Нұр-Сұлтан қ. бойынша вице-президенті Рүстембеков Серік Исаұлы 2021 жылғы «Достастық жұлдызы» сыйлығының иегері атанды. Бұл жөнінде «Достастық жұлдызы» мемлекетаралық сыйлығымен марапаттау кеңесінде хабардар етті. Сыйлық әлемдік жетістіктер деңгейіне пара-пар және ТМД құрамына кіретін әр елдің, сонымен бірге жалпы Достастықтың дамуына септігін тигізетін гуманитарлық қызмет саласында қосқан елеулі үлесі үшін Достастық мемлекеттерінің өкілдеріне беріледі. Жоғары марапатқа биыл 8 елден 12 үміткер талаптанды. ТМД-ның барлық елдерінен мәдениет пен білім саласының бетке ұстар қайраткерлері кірген қазылардың шешімімен сыйлық сегіз үміткерге бұйырды: Алиев Натик Кямал оглы (Әзірбайжан) – мүсінші, халық суретшісі, Хачиян Эдуард Ефремович (Армения) – геолог, Килин Сергей Яковлевич (Беларусь) – физик, Рустембеков Серік Исаұлы (Қазақстан) – сәулетші, Мамытов Миталип (Қырғызстан) – нейрохирург, Темирканов Юрий Хатуевич (Ресей) – дирижер, Шабозов Мирганд (Тәжікстан) – математик, Усманов Рамиз Бекназарович (Өзбекстан) – Өзбекстанның Мемлекеттік академиялық Үлкен театрының директоры. Лауреаттарды салтанатты түрде марапаттау рәсімі 2022 жылдың желтоқсан айында Ташкент қаласында шығармашылық пен ғылым сала сындағы зиялы қауым өкілдерінің форумы аясында өтеді.

«ҚАЗАҚСТАН-2022» XVII ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ФОРУМЫ

2022 ж. 16-17 маусымында Алматыдағы Достық үйінде Қазақстанның Қала құрылысшылар одағы «ҚАЗАҚСТАН – 2022» тақырыбында XVII форумын ұйымдастырып, өткізді. Іс-шараға Алматы қ. әкімі Ерболат Досаев, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, кәсіби қала-құрылысшылар, сәулетшілер, іргелес бағыт мамандары мен сарапшылар қатысты.

Шара көрме-семинар түрінде өтті және онда келесі мәселелер талқыланды:

1. Қазақстан қалаларындағы кенттену деген не?
2. Білім беру және кәсіби мамандар;
3. Алматы агломерациясының экологиясы мен қоғамдық көлігі;
4. Қазақстанның қала құрылысы кодексі;
5. Қалалық ортаның бесінші элементі;
6. Жаңа технологиялар мен құрылыс материалдары;
7. XVII қала құрылысы форумы аясындағы жобалар мен жұмыстар конкурсы.

Форумда сәулет және қала құрылысы саласының сарапшылары Алматы қаласы, Алматы агломерациясының өзекті мәселелерін және осы тақырыптарға жақын шетелдер тәжірибесін талқылады. Бұл кездесуде ірі қалалардың кенттенуі, жаңа технологиялар, құрылыс материалдары, әсіресе осы салаға қажетті білікті мамандар даярлау мәселелері жан-жақты қарастырылды.
Қазақстанның Қала құрылысшылар одағының президенті **Любовь Нысанбаева** саладағы мамандар тапшылығын және білікті мамандарды даярлаудағы қиындықтарды шегелеп айтты. Любовь Владимировна техникалық бағытта білім беретін жоғары оқу орындарында сапалы білім беруді қалпына келтірілу қажеттігін атап өтті.
Екі күн бойы форум қатысушыларының назарына Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларын дамытудың бас жоспарлары ұсынылды.
Форумда сөз алған қала әкімі **Е. Досаев**: «Қала өсіп келе жатыр және Алматы агломерациясының өзегі болып табылады, сондықтан қала алдында қарқынды кенттену мақсаты тұр. Бүгінде қала құрылысы алдында тұрған басты мәселе – өзек қала мен бүкіл агломерацияны біртұтас көлік құрылымы арқылы үйлестіру, серік қалалардың көпорталықты даму қағидасы бойынша дамуын қамтамасыз ету, дамыған әлеуметтік инфрақұрылым мен қоғамдық кеңістіктер арқылы азаматтардың өмір сүру жайлылығын арттыру, жоғарғы өнімді жаңа жұмыс орындарын ашу» керектігін айтты.
Кенттену қарқынын ескере отырып, Алматы қаласының әкімдігі қаланың жаңа Бас жоспарын әзірлеуді бастады. Оны 2022 жылдың соңына дейін әзірлеу жоспарланып отыр.

Форум қорытындысы бойынша айтылған ұсыныстар Алматы қ. мәслихатында талқыланып, олар бойынша шешім қабылданатын болады. **Осылайша Алматы қаласының сәулетіне қатысты көптеген өте маңызды өзгерістер күтілуде**:

- қала нышанына айналатын сәулет жағынан маңызды нысандар саны артады;
- қала үшін маңызы бар нысандарға сәулет конкурстары ұйымдастырылып, өткізіледі;
- 2023 ж. бастап Алматы қаласының сәулет келбетін қалыптастыруға конкурс жарияланады;
- қаланың жекелеген аудандарында ғимараттардың қабат саны шектеледі;
- қаланың қала құрылысы кеңесі қайта қалпына келтіріледі.

С.С.Сұлтанғали, А.Ә.Тәтіғұлов Сәулетшілер одағы атынан сәулетшілер мен қала құрылысшы-ларының мәртебесін арттыру қажеттілігін атап кетті. ҚР Сәулетшілер одағының Басқарма мү-лері мен мүшелері: О.Ж.Баймырзаев, Ғ.С.Садырбаев, А.А.Мәметов, С.А.Фазылов, Г.С.Әбдірасілова, А.Ж.Әбілов, Т.Е.Ералиев, Бектасов Т.А., Айтілеу Ж.А., Нарынов С.Ж., Айнабеков Ж.З., Әжіғалиев А.Г., Чиканаев А.Ж., Чендыбаева Л., Избасарова М.Р., Алтынбеков Т.А., Федянин А.А., Ақбай А.С. форум жұмысына белсене қатысты.
Форум сапалы ұйымдастырылып, оған саланың көп мамандары жиналды. Форумға Ресей мен Беларусьтен сарапшы қала құрылысшылар қатысты. Бұл алаңда Алматы қаласы мен агломерациясының келешегіне қатысты негізгі мәселелер бойынша пайдалы талқылау өтті. Бұл басқосуда сонымен бірге қала құрылысының негізгі мәселелері айқындалды.